

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектептің шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2024 жылы 8 қаңтар күнгі Дене
шынықтыру пәні бірлестігінің №3 отырысының хаттамасы**

Күні: 08.01.2024

Өткізілген орны: спортзал мұғалімдер бөлмесі

Қатысқандар: 17

Бірлестік жетекшісі: Усенбеков С.А.

Хатшы: Танирберген М.Т.

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған дене шынықтыру пәні бірлестігінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындау.
3. Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру және спорттық шараларды ұйымдастыру.
4. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы және кәсіби шеберлігін жетілдіру бағыттарын анықтау.
5. Жеке жұмыс жоспарларын бекіту және оқу жылының алғашқы жартыжылдығына арналған іс-шаралар жоспарын нақтылау.
6. Оқушылардың дене шынықтыру және спортқа деген қызығушылығын арттыру бойынша нәтижелерді талдау.
7. Алдағы оқу жылына арналған жоспарларды талқылау және бекіту.
8. Спорттық құрал-жабдықтарды жаңарту, қауіпсіздік шараларын күшейту және басқа ұйымдастырушылық мәселелер.

Тыңдалды:

Бірлестік жетекшісі Усенбеков Сералы сөз алып, жаңа оқу жылының басталуымен барша әріптестерді құттықтады. Ол 2023–2024 оқу жылындағы дене шынықтыру пәні бірлестігінің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталды.

Атап айтқанда, биылғы оқу жылында келесі бағыттарға ерекше көңіл бөліну қажеттігін атап өтті:

- Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа қызығушылықты арттыру;
- Мектепішілік және аудандық спорттық жарыстарға белсенді қатысу, командалық рухты дамыту;
- Дене шынықтыру сабақтарының сапасын арттыру, оқу бағдарламасын жаңартылған мазмұнға сай жүргізу;
- Қауіпсіздік техникасын сақтау ережелерін күшейту және сабақ кезінде жарақаттанудың алдын алу;
- Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен әдістемелік шеберлігін жетілдіру мақсатында семинарлар, ашық сабақтар ұйымдастыру.

Сонымен қатар, жетекші оқу жылы барысында атқарылатын жұмыстардың кестесін таныстырып өтті:

- «Салауатты өмір дені сау ұрпақ» – сәуір айында өткізіледі;
- «Дене шынықтыру сынақтары» және «Көктемгі жеңіл атлетика» сияқты дәстүрлі жарыстар жоспарланған;
- Арнайы спорттық үйірмелердің (футбол, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика және т.б.) жұмысын жүйелі түрде жүргізу көзделген.

Талқыланды:

Отырыста мұғалімдер өз ұсыныстарын білдірді.

- Усенбеков Сералы спорттық іс-шараларды өткізу кезінде ата-аналардың қатысуын арттыруды ұсынды.
- Жұмабеков Арман оқу жылының соңында «Дене шынықтыру – денсаулық кепілі» атты ашық спорттық сайыс ұйымдастыру идеясын айтты.
- Бірлестік мүшелері бірауыздан бұл ұсыныстарды жылдық жоспарға енгізу қажет деп шешті.

Қаулы:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған дене шынықтыру пәні бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Оқу жылы бойы өткізілетін спорттық және тәрбиелік іс-шаралардың өтуі орындалсын.
3. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сабақ өткізу кезінде қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.
4. Бірлестік мүшелері арасында өзара тәжірибе алмасу сабақтарын өткізу тұрақты түрде ұйымдастырылсын.
5. Келесі отырыс наурыз айында өткізілсін, күн тәртібінде бірінші тоқсанның қорытындысы және ашық сабақтарға талдау қарастырылсын.

Төраға: Усенбеков С.А. 

Хатшы: Танирбергенов М.Т. 